



060000, Атырау қаласы, Алмагүл ықш./ауданы, 25
тел.: 8/7122/46-69-22, факс: 8/7122/46-71-56
e-mail: roddom.almagul@bk.ru

060000, город Атырау, мкр. Алмагуль, 25
тел.: 8/7122/46-69-22, факс: 8/7122/46-71-56
e-mail: roddom.almagul@bk.ru

БҰЙРЫҚ

«22» 04 2026 ж.
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 145
г.Атырау

**«Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметтің
компаенс-офицері «2026 жылға арналған сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар
жоспарын бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасын іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Атырау қалалық перзентханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «**Атырау қалалық перзентханасы**» **коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының** (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметінің компаенс-офицері **2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары** (бұдан әрі – Жоспар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Жоспарды іске асыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге және компаенс-қызметтің қызметін үйлестіруге Кәсіпорынның **компаенс-офицері Бағытұлы Н.** жауапты болып тағайындалсын.
3. Кәсіпорынның кадр бөлімі басшысы **А. Махуоваға** және құрылымдық бөлімшелердің басшыларына Жоспармен бағынысты қызметкерлерді дереу таныстыру тапсырылсын.
4. **Құрылымдық бөлімшелердің басшылары** жоспарланған іс-шаралардың белгіленген мерзімдерде қатаң орындалуын қамтамасыз етсін.
5. **Компаенс-офицер:**
 - бекітілген Жоспарды Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсына орналастырсын;
 - Кәсіпорын қызметкерлері мен пациенттері арасында сыбайлас жемқорлық

мәселелері бойынша анонимді сауалнама жүргізуді (2026 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде) қамтамасыз етсін;

- жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайын есепті (*есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін*) Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасына және Атырау облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ұсынсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзімде қалдырамын.
 7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Директор



С.Туребаев